



ХҒТАР 14.29.01  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-138-148>

## Инклюзивті білім беруді дамытудың шетел және отандық тәжірибесі

Б.С. Байменова<sup>1</sup>, Ж.Ж. Онгенбаева<sup>2</sup>, О.А.Абрамкина<sup>3</sup>, Н.А. Кударова<sup>4</sup>

<sup>1,3</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>4</sup>Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>botagoz.baymenova@mail.ru, <sup>2</sup>zh.ongenbayeva@iitu.edu.kz, <sup>3</sup>olga.manank@gmail.com, <sup>4</sup>nazgul.kudarova@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада инклюзивті білім берудің дамуы мен қалыптасуы шетел тәжірибесі негізінде зерделенеді. Өркениеті дамыған елдердің тәжірибесін зерделеу және оның үлгілерін отандық білім беру жүйесінде қолдану өзекті. Жаһандық дағдылардың әлем елдеріне таралуы бүгінгі болашақ маманның алдына көптеген талаптар жүктейді. Соның ішінде инклюзивті орта қалыптастыру, соған сәйкес білім беру үрдісін модификациялау заңды құбылысқа айналды. Инклюзивті білім беру саласында мол тәжірибе жинақтаған АҚШ, Финляндия, Норвегия, Швеция, Канада т.б. Бұл мемлекеттерде инклюзивті білім беру 1960 жылдары пайда болған. Инклюзия мәселесіне қоғам тарапынан қарама-қайшылықтар болды. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген шиеленіс үдей түсті. Заңнамалық жағынан олардың құқықтарын қорғау күрделі болды. Тек 1970 жылдардан бастап қана мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары қорғала бастады. Швеция ғалымы Нурье бұл санаттағы адамдарды оқыту, тәрбиелеу және қоғамға әлеуметтендіру қажет екендігін дәлелдеп, «Нормалау» концепциясын шығарған болатын. Сөйтіп, әлем елдеріндегі дүмпулер басылып, қоғамдағы шиеленістер тоқтатылды. Адамдардың көзқарастары өзгере бастады. Мақала авторы осы елдердегі тарихи жағдайларға тоқталған болатын. Тарихи кезеңдерді сипаттай отырып, инклюзивті білім берудің даму тенденциясына талдау жасаған.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, білім беруді модернизациялау, модификация, жаһандық дағдылар, инклюзивті орта, білім беру инфроқұрылымы.

## **Кіріспе**

Әлем кеңістігінде болып жатқан жаһандық өзгерістер контексті инклюзивті білім берудің қарқынды дамуына ықпал етті, өйткені ол этникалық, тілдік, мәдени ерекшеліктеріне, психофизикалық нормадан ауытқуларына қарамастан барлығына кедергісіз кеңістік құруды қамтамасыз етеді. Себебі еліміздің халықаралық деңгейдегі жетістігі адам капиталының сапасымен өлшенеді. Қазіргі кезеңде саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды фактор болып табылады. Осыған сәйкес әртүрлі санаттағы тұлғаларға қолжетімді инфрақұрылым қалыптастыру стратегиясы жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың әртүрлі модельдері бар. Бұл өркениеті елдің экономикалық, индустриалды-инновациялық даму ерекшеліктеріне байланысты. Инклюзивті білім беру үрдісін модификациялау процесі Қазақстанмен салыстырғанда ертерек басталған. Батыстың дамыған елдерінде мүгедек балалар қоғамға бейімделу мен әлеуметтенудің жақсы нәтижелеріне ие. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың сапалы білім алуына жағдай жасалғандығын көрсетеді.

ЭЫДҰ мүшесіне кірген елдер білім беру жүйесіне инвестиция салу арқылы жасыл экономиканың түрін игеруде. Бұл тенденция білім беру саласын экономикалық тұрғыдан бағалауға және оның сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Юнеско-ның статистикасына назар аударсақ, дамыған мемлекеттерде адамдардың білімі 70%-ға жетеді екен. Бұл өте жоғары көрсеткіш, әлемдік экономиканы дамыудың негізгі индикаторы екендігін дәлелдейді.

Білімді дамыту мәселесі біздің де еліміздің басым бағыттарының бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің цифрлық трансформация туралы идеясын былай жалғастырған еді: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» – деген болатын [1]. Бұл барлық тұлғаларға сапалы білім беру қажеттілігінен туындаған ой еді. Сондықтан да инклюзивті білім беру ортасын құру, қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды фактор болып табылады.

Бұл еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа мүмкіндік, жаңа реформа. Білім жүйесіндегі жаңару механизмдері модернизациялаудың негізгі кешені ретінде белгілі болған. Жаңару үрдістерінің болуы заңды құбылыс. Ол қоғамның жаңалыққа ұмтылуынан, жаһандық тенденциялардың интеграциясынан көрініс табады.

Инклюзивті білім беру мәселесімен көптеген ғалымдар айналысқан.

Шетелде инклюзивті білім беру мәселелерімен Salisbury C.L., Palombaro M.M., Hollowood W.M., Shea T.M., Bauer A.M., Trow M., Лошакова И.И., Ярская-Смирнова Е.Р., Семаго М.М., Косс В.О. және т. б. айналысқан.

Инклюзивті білім берудің кейбір аспектілерін қарастыратын жеке іргелі жұмыстар бар: З.А. Мовкебаева, Р. А. Сүлейменова, А. М. Ергарина, И.А. Оралканова, А.К. Оралбекова, С.С. Жубакова, С.Д. Аубакирова және т.б. Бұл жұмыстарда инклюзивті білім берудің тарихи алғышарттары, ұйымдастыру әдістері, мүмкіндіктері мен перспективалары негізге алынған.

Мүмкіндігі шектеулі студенттерді білім ортасына бейімдеудің теориялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін зерттеу нысанына айналдырған бірқаар ғалымдар бар. Атап айтқанда, С. Сексенбаева, М. Оспанбаева, Ш. Жахина. Мүмкіндігі шектеулі студенттерді ресурстық орталықтар арқылы әлеуметтендіру, бейімдеу проблемасымен ғалым, дефектолог-маман З.А. Мавкебаева айналысты [2].

Шалғынбаева К.К. өзінің зерттеуінде инклюзивті білім беруді әлеуметтік проблема ретінде қарастырып, шетел тәжірибесі арқылы біздің білім беру жүйесін дамыту қажет – деп есептеді. Сонымен қатар ол инклюзивті білім беруді қолдаудың теориялық, әдіснамалық және тұғырлық негіздерін зерделеді [3].

Инклюзивті білім беру ұғымына ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Бірінші блоктағы ғалымдар инклюзивті білім беруді қоршаған ортаға бейімделу процесі деп талдаса, екінші блоктағы ғалымдар, мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен бірге оқытып, қолжетімді орта құру деп түсіндіреді. Үшінші блоктағы ғалымдар, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін анықтаған. Ғалымдардың концептуалды идеялары мүмкіндігі шектеулі оқушыларды интеграциялау проблемасымен тығыз байланысты. Инклюзивті білім беру идеясын жүзеге асыру көп факторлы процесс, әр мемлекеттің бұл жолда қалыптасқан өзіндік стратегиясы бар. Осының нәтижесінде жаңа философиялық тенденция қалыптасты.

Ресей ғалымдары В.А. Левин, Е.А. Мартынова, Л.И. Аксенова, В.Г. Гончарова инклюзивті білім берудің теориялық, әдіснамалық негіздерін зерттеді. Ғылыми жұмыстарда инклюзивті білім беруді іске асырудың шарттары, ұйымдастырылуы, мүмкіндіктері, әдіснамалық тәсілдері зерделенді.

Міндеттер. Инклюзивті білім берудің тарихи генезисіне талдау жасау арқылы оның даму перспективасы анықталды. Инклюзивті білім берудің тарихи аспектісін зерттеу негізінде, көптеген философтардың, тарихшылардың ғылыми еңбектері, зерттеулері ретроспективті талдауға алынды. Инклюзивті білім беру тенденциясы қоғам формациясы өзгерген сайын, оның модельдері де жаңарып отырды. Медициналық, әлеуметтік-педагогикалық, діни-мәдени модельдердің құрылымы мен қызметтері жүйеленіп, маңызы айқындалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғам диалог – Қазақстан халқының тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» – атты Жолдауында «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» – деді. Осы бағытты қолдау мақсатында Үкіметке үш жыл ішінде кем дегенде 58 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Осыған орай инклюзивті білім беруді дамытудың статистикалық көрсеткіштері анықталды. Біздің елімізде инклюзивті білім беруді дамыту бағыты бойынша жасалып жатқан мемлекет деңгейіндегі іс-шаралар.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – шетел және Қазақстан тәжірибесіне салыстырмалы анализ жасау арқылы инклюзивті білім берудің дамуы мен қалыптасу тенденциясын, теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау. Эксперимент нәтижесін талдау.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру аспектісін зерттеудің әртүрлі тәсілдері қалыптасқан. Қоршаған ортаға бейімделудің, әлеуметтік интеграциялаудың күрделі процесс екендігін дәлелдейтін бірқатар заманауи әдістемелер бар.

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 175 082 астам бала есепте тұр. Соның ішінде аутизм спектрмен тіркелген 8752. Соңғы бес жылда статистикалық мәліметке сүйенсек, екі есе өскендігін байқаймыз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында теориялық әдістер қолданылды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге, инклюзивті білім беру бағытында қабылданған нормативті құқықтық құжаттарға анализ, синтез жүргізілді. Сонымен қатар эмпирикалық әдістер қолданылды: бақылау, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық тестілеу. Эксперимент нәтижелері талданып, математикалық статистикалық әдіс арқылы деректер динамикасы жасалды. Сауалнама, тест, педагогикалық бақылау сияқты әдістер қолданылды. Зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру және мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы мәселелері отандық, жақын және алыс шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылғаны анықталды.

Зерттеудің маңыздылығын анықтау үшін SPSS-23 нұсқасының көмегімен сандық көрсеткіштердегі педагогикалық құбылыстардың бейнесі қолданылды. Осы орайда инклюзивті білім берудің бүгінгі жағдайын анықтау мақсатында Қазақстан халқынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі талданды.

### **Талқылау және нәтижелер**

Инклюзивті білім беру мәселесімен көптеген зерттеушілер айналысты. Зерттеу еңбектерінде теориялық және әдіснамалық мәселелерге тоқталған еді.

И. Оралханованың диссертациясында инклюзивті білім берудің тарихи алғышарттары зерделенген. Зерттеу барысында ғалым сол кезеңдегі тарихи мәліметтерге, қоғамның адамдарға деген қарым-қатынасына, дискриминациялық қозғалыстарға талдау жасаған. Тарихи даму генезисі қоғамның әлеуметтік жағдайын, ортаның бейімделу ерекшеліктерін айқындаған еді.

Инклюзивті білім беру идеясы алғаш рет АҚШ-та XX ғасырдың 80-ші жылдарында пайда болды. АҚШ-та болған саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру саласында мемлекеттік саясатты өзгертуге, жетілдіруге және кеңейтуге үлкен әсер етті.

З. Мовкебаева өзінің көптеген зерттеулерінде ерекше білім қажеттілігі бар балаларды оқыту мен ортаға бейімдеудің замануи тәсілдерін ұсынған болатын. Ол сонымен қатар әр санаттағы балалардың ерекшеліктеріне қарай оқытудың құралдарын топтастырды. Мультимедиа технологиялары мен цифрлық бағдарламалар арқылы оқытуды жеңілдетуге мүмкіндік болатындығын дәлелдеді. Бұл балалар онлайн форматта білімдерін дамыта алады. Инклюзивті білім беру ұғымына ғалымдар әртүрлі анықтама береді. Н.Н.Малофеев өзінің еңбегінде инклюзивті білім берудің формациялық өзгерістеріне тоқтай отырып, әр кезеңнің даму ерекшеліктеріне байланысты трансформациялық өзгерістерді айқындаған. Қоғамның формациялық дамуы бұл

адамдарға деген қатынастың өзгеруіне түрткі болады [4]. Мүмкіндігі шектеулі балаларды АҚШ тағы жаппай мектеп тәжірибесіне біріктіруді жүзеге асыру көптеген проблемаларды тудырды. Ф.Л. Ратнер мен Н.Г.Сигал атап өткендей, бұл проблемалар біріншіден, жалпы білім беретін мектеп оқытушыларының ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға дайын еместігімен, екіншіден, олардың әлеуметтенуіне қажетті ресурстардың жеткіліксіздігімен сипатталады. Сол кезде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша мұғалімдер кәсіби қызметтің жаңа түріне және оларға жүктелген жаңа жауапкершілікке дайын болмады». Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру процесі шетелде әртүрлі деңгейде болды. Ол елдердің экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму ерекшеліктеріне байланысты.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру процесі шетелде әртүрлі деңгейде болды. Ол елдердің экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму ерекшеліктеріне байланысты.

Еуропа елдерінде көптеген білім беру мекемелері инклюзивті білім беру тұжырымдамасын қабылдаған. Соның ішінде Италия арнайы оқыту мекемелерін жапқан алғашқы ел болып табылады [5].

Норвегияда арнайы білім берудің заңнамалық негізі жетілдіріліп, біртіндеп арнайы оқыту түрлері пайда бола бастады. 1961 жылдан 1980 жылға дейін Норвегияда мұғалімдердің, ата-аналардың және бүкіл халықтың инклюзияны түсінуі мен игеруі бойынша үлкен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізіле бастады. Бұл тенденция халықтың санасын өзгертуге әсер етті. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Статистикалық мәліметтер бойынша Норвегияда шамамен 620 мыңға жуық оқушы бастауыш және орта мектепте білім алады. Мектептер арасында және оқушылар санында үлкен айырмашылықтар бар. Кейбір ықшамдалған өңірлерде мектеп оқушыларының саны аз болып келетін болса, ал үлкен мега қалаларда олар индустриалды инфроқұрылымдарының дамуына байланысты үлкен мектептерге шоғырланады [5].

Бүгінгі таңда норвегиялық білім беру жүйесінің басты басымдығы олардың физикалық, психикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық, этникалық ерекшеліктеріне қарамастан барлық балалар үшін тең құқық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Инклюзивті білім берудің қолданыстағы бірыңғай мектеп жүйесі әр баланың бейімделген орта жағдайында өзіне ыңғайлы оқу траекториясы мен оқу жоспарын меңгеруін қамтамасыз етеді.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың көпшілігі қалыпты сыныптарға интеграцияланды. Осыған байланысты барлық арнайы мектептер жабылды.

Норвегияның білім беру саясатын талдайтын болсақ, бұл мемлекетте барлық адамдарға тең білім алуына мүмкіндік жасау тенденциясы қарастырылған. Адамдардың құқығы заңнамалық құжатпен бекітілген. Олардың білім алуы, медицина қызметін пайдалануы, әлеуметтік қолдауға ие болу мүмкіндігі бар.

Инклюзивті білім беруді дамытушы мемлекеттердің бірі Швеция. Швецияның инклюзияны дамытудағы тәжірибесі Норвегиямен ұқсас. Оның тарихи алғышарттары бірнеше кезеңде жүзеге асты. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында Нурьенің

«Нормалау» тұжырымдамасын негізге алуға болады. Нормалау тұжырымамасының негізгі идеясы дискриминацияны жою, барлық адамдарға қажетті жағдай жасау, қолжетімді, сапалы білім беру, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, медициналық ресурстармен қамтамасыз ету. Бұл интеграциялық процесс дамыған мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қалыпты өмір сүруінің ережесіне айналды. Олар да басқа адамдар сияқты коммуникация жасауға, жұмыс істеуге, білім алуға, әлеуметтенуге құқылы.

Швед мектептерінде адаптивті оқыту әдістері мен құралдарына көп көңіл бөлінді. Бұл кезең инклюзия саясатымен сипатталады – мүгедектерді толыққанды өмірге белсенді қосу. Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балалардың 80 %-ы қарапайым мектептерге барады, олар үшін арнайы білім беру маршруттары әзірленді.

Швециядағы мектептер екі түрге бөлінеді: мемлекеттік (муниципалдық) және қосымша. Оқушылардың шамамен 98%-ы муниципалды мектептерде оқиды. Муниципалдық мектептің негізгі пәндері – швед тілі, ағылшын тілі, математика, үй шаруашылығы, сурет салу, дене шынықтыру, музыка, еңбек, екінші шет тілі, қоғамтану (дінді зерттеуді қоса алғанда) және жаратылыстану курсы енген. Бұл мемлекетте аутист спектрлі оқушылар мектепте қалыпты балалармен бірге оқиды. Оларға арналып оқу траекториясы жасалған. Сонымен қатар Швецияда ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетіледі [6].

Швецияның барлық оқу орындары «Жеке көмек» (“personal assistance”) нысанында даму мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырады. «Жеке көмек» нысандары қолайлы психологиялық атмосфераны қамтамасыз етеді, мүгедектерге қойылған білім беру мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі, қолжетімділікке және қарым-қатынасқа тең мүмкіндіктер береді.

Осылайша, Швецияда инклюзивті білім беру кеңінен қолданылады және іс жүзінде сәтті жүзеге асырылады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың көпшілігі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі оқыту және тәрбиелеу процестеріне енгізілген [7].

Біз әлемдік инклюзия тәжірибесін зерделеу барысында бірнеше тәсілдерді бөліп қарастырдық. Инклюзивті білім беру идеясын дамытқан елдердің бірі АҚШ болып табылады. Алғаш рет инклюзивті балаларға мектептер ашып, оқытудың инновациялық тәсілдерін ұсынған мемлекет болып саналады. АҚШ -та инклюзивті білім беру арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі, ортаға әлеуметтенуі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар инклюзивті білім беру қағидасын соңғы жылдары жүзеге асырып жатқан мемлекеттердің бірі Қазақстан [8].

Инклюзивті білім беруді енгізу Хорватия және Оңтүстік Африка сияқты дамушы елдерде де кең таралды. Бұл инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін іздеу, педагогикалық кадрларды даярлау, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету жолдарын анықтау қажеттілігін тудырады. Оңтүстік Африкада инклюзивті білім беру 1994 жылғы алғашқы демократиялық сайлаудан кейін жүзеге асырыла бастады. Барлық азаматтардың, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білім алу құқығы жарияланған еді.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың жаңа тенденцияларын зерделеу арқылы бірқатар педагогтардан, ата-аналардан сауалнама алынған болатын. Оған 100-ге тақау ата-ана қатысты. Ата-аналардың жауаптары әртүрлі болды. Сұрақтардың мазмұнына сәйкес олардың көзқарастарында қарама-қайшылықтар кездесті.

Сонымен, сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 8,2%-ы ғана «Қазақстанда инклюзивті білім енгізілгенін білесіз бе?» деген сауалға дұрыс жауап берді, ал ата-аналардың 69%-ы теріс жауап берді, 11,21%-ы қызығушылық танытпады.

«Жалпы орта мектепте дені сау балалар мен мүгедек балаларды бірлесіп оқытуға қалай қарайсыз? – деген сауалға ата-аналардың 24,5%-ы оң жауап берді, ал 59,16%-ы қарсы емес екендігі білдірді, 15,52%-ы теріс жауапқа бейімділігін көрсетті. Инклюзивті білім берудің дамуына кедергі келтіретін факторлардың ішінде ата-аналардың 18%-ы сәтсіздік, мазақ ету, қорлау қорқынышын, 26%-ы мамандардың жоқтығын, мектеп тәжірибесінің төмендігін, 45%-ы материалдық-техникалық базаның әлсіздігін, 11%-ы басқа факторларды (қоғамның теріс стереотиптері, әкімшілік, педагогтар, құрдастар, ата-аналар және т.б. тарапынан қолдаудың болмауы) деп атап өттеді. Яғни бұл статистика ата-ана көзқарасының әлі де болса нақты емес екендігін байқатады. Психологиялық тежелу, сенімсіздік сияқты процестер инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды қиындатады.

Осылайша, ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері олардың көпшілігі инклюзивті біліммен таныс емес екенін көрсетеді, бірақ олардың басым бөлігі дені сау балалар мен мүгедек балаларды жаппай мектепте бірге оқытуға оң көзқараспен қарайды.

Педагог кадрлардың инклюзивті білім беру жүйесіндегі кәсіби қызметке дайындығын анықтау мақсатында біз Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің және Алматы қаласындағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқытушыларына сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 120 оқытушы қатысты. «Республика мектептерінде инклюзивті білім беруді енгізуге қалай қарайсыз?» оқытушылардың 5,2%-ы теріс, 76,8%-ы оң жауап берді, қалған 12%-ы жауап беруде қиындықтарға тап болды.

Келесі сұраққа: «Сіздің оқыту жүйеңізге инклюзивті білім беруді енгізу кезінде қандай проблемалар туындауы мүмкін?» оқытушылар келесідей жауап берді:

- Білім беру бағдарламаларының әлі де болса қолжетімсіздігі (65%);
- Мамандардың инклюзивті білім туралы мағлұматының болмауы (65%);
- Оқушылардың білім алуына, әлеуметтенуіне қолайлы ортаның болмауы (38%);
- Инклюзивті білім беруді дамытуда жаңа инновациялардың болмауы (54%);
- Шетел тәжірибесін дамытуда заманауи лабораториялардың, электронды порталдардың болмауы (52%);
- Педагогикалық-психологиялық қолдаудың төмендігі (38%);

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері қазіргі заманғы мектептер мен балабақшалар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын емес. Мәселе бейімделген білім беру ортасын (сынып, ресурстық және т.б.) құруда ғана емес, сонымен қатар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындығы бар мамандардың болмауында. Интеграцияланған оқыту психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуді, сондай-ақ әр баланың шығармашылық әлеуетін аша білуді талап етеді.

## Қорытынды

Инклюзивті білім беру идеясы Мемлекеттік бағдарламада стратегиялық бағыт ретінде негізге алынды. Бұл бағдарламада интеграциялық оқытуды дамытудың негізгі кезеңдері көрсетілген болатын. 2025 жылға дейін еліміздің 70% мектептері мен балабақшалары қолжетімді оқытудың принциптерін жүзеге асыруға дайын болуы қажет. Еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа үрдіс ретінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамға бейімдеу, қолжетімді орта құру, әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болды. Бұл мәселе алдағы уақытта да терең зерттеуді қажет етеді.

Әлем елдерінің даму мүмкіндігіне назар аударатын болсақ, ерекше білім қажеттілігі бар балалар саны көбеюде. Олар оқыту үрдісінде арнайы жағдай жасауды қажет етеді. Осындай санаттағы балаларды білім үрдісіне интеграциялау маңызды. Кедергісіз аймақ құру арқылы олар мемлекеттің толыққанды азаматына айналуы қажет.

## Авторлардың қосқан үлесі

**Байменова Б.С.** – Зерттеу жұмысына байланысты ғылыми-педагогикалық, теориялық әдебиеттерді тақырыпқа сәйкес жинақтап, талдау жасады. Зерттеу жұмысының деректеріне талдау жасап, мақаланың ресімдеуін, жоспарын басшылыққа алды.

**Онгенбаева Ж.Ж.** – Әдебиеттерді талдау, жинақтау, эксперимент жүргізу, оның нәтижелеріне математикалық анализ жасау автордың үлесінде болды. Автор мақаланың кіріспесін және мақсаты мен міндеттерін жазды.

**Абрамкина О.А.** – Эксперимент нәтижесі бойынша алынған мәліметтерге әдіснамалық және теориялық талдау жүргізді. Автор материалды жинауға үлесін қосты. Қазақстан және шетел ғалымдарының еңбектерін талдауға қатысты.

**Кударова Н.А.** – Автор материалды жинауға үлесін қосты. Қазақстан және шетел ғалымдарының еңбектерін талдауға қатысты.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаев /«Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының материалдары. [Электрондық ресурс]. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_pne-ulym-atty-tamuz-](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_pne-ulym-atty-tamuz-) (жүгінген күні: 25.03.2024.)

2. Байменова Б.С., Ысқақ А.Ә. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің кәсіби дамуы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. -2021. - № 2(135). 32-39 б. <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main>

3. Zhansulu, S., Batima, T., Temirov, K., Shalgynbayeva, K., Shamurat, O., & Mukhamedzhanov Supporting children with special educational needs as a socio-pedagogical problem / Zhansulu, S. Batima, T., Temirov, K., Shalgynbayeva, K., Shamurat, O., & Mukhamedzhanov // Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022. 17(7). P-2262–2273. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i7.7692>

4. Малофеев Н.Н. Специальное образование в России и за рубежом в двух частях. – Москва: Академический проект, 2021. -182 с.

5. Гюдрюн Иттерстад. Международный опыт в области инклюзивного образования: Норвегия. – Москва: Образование, 2018. – 254 с.

6. Kadisha Shalgynbayeva , Assel Makhadiyeva, Ainash Kudysheva Results Of Analysis Of The Family Values Destruction In Families With A Child With Autism Spectrum / Kadisha Shalgynbayeva, Assel Makhadiyeva, Ainash Kudysheva// Davranış Araştırmaları Dergisi Journal Of Organizational Behavior Research, 2018. — Vol 3. P -137-145 <https://odad.org/article/results-of-analysis-of-the-family-values-destruction-in-families-with-a-child-with-autism-spectrum-disorder-asd>
7. Винблад О. Инклюзивное образование в Швеции /Винблад О. //Психолог в школе. – 2018. – № 1. – С.21-26.
8. Волков А.М. Швеция: социально-экономическая модель. - Москва: Мысль, 2022. - 188 с.

**Б.С. Байменова<sup>1</sup>, Ж.Ж. Онгенбаева<sup>2</sup>, О.А. Абрамкина<sup>3</sup>, Н.А. Кударова<sup>4</sup>**

<sup>1,3</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

<sup>4</sup>Международный университет Астана, Астана, Казахстан

### **Зарубежный и отечественный опыт развития инклюзивного образования**

**Аннотация** В статье изучается развитие и становление инклюзивного образования на основе зарубежного опыта. Актуальным является изучение опыта цивилизованно развитых стран и применение его моделей в отечественной системе образования. Распространение глобальных навыков в мире предъявляет множество требований к сегодняшнему будущему специалисту. В том числе формирование инклюзивной среды, в соответствии с которой модификация образовательного процесса стала закономерным явлением. США, Финляндия, Норвегия, Швеция, Канада и др. приобрели большой опыт в области инклюзивного образования. В этих государствах инклюзивное образование возникло в 1960-х годах. Со стороны общества возникли разногласия по поводу инклюзии. Нарастала напряженность в отношении людей с ограниченными возможностями. Законодательно защита их прав была сложной. Только с 1970-х годов права людей с ограниченными возможностями стали защищаться. Шведский ученый Нурье доказал, что эту категорию людей необходимо обучать, воспитывать и социализировать в обществе.

Таким образом, потрясения в странах мира утихли, а напряженность в обществе прекратилась. Взгляды людей начали меняться. Авторы статьи остановились на исторических условиях в этих странах. Проанализировали тенденции развития инклюзивного образования с описанием исторических периодов.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, модернизация образования, модификация, глобализация, инклюзивная среда, образовательная инфраструктура.

**B.S. Baymenova<sup>1</sup>, J.J. Ongenbayeva<sup>2</sup>, O.A. Abramkina<sup>3</sup>, N.A. Kudarova<sup>4</sup>**

<sup>1,3</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan*

<sup>4</sup>*Astana International University, Astana, Kazakhstan*

### **Foreign and domestic experience in the development of inclusive education**

**Abstract.** The article examines the development and formation of inclusive education based on foreign experience. It is relevant to study the experience of civilized, developed countries and the application of its models in the domestic education system. The spread of global skills in the world places many demands on today's future specialist. Including the formation of an inclusive environment, according to which the modification of the educational process has become a natural phenomenon. The USA, Finland, Norway, Sweden, Canada, etc., which have gained extensive experience in the field of inclusive education, in these countries inclusive education arose in the 1960s. There was disagreement on the part of the society about inclusion. Tensions have been rising with regard to people with disabilities. Legally, the protection of their rights was difficult. It was only since the 1970s that the rights of people with disabilities began to be protected. The Swedish scientist Nurje proved that this category of people needs to be trained, educated.

**Keywords:** Inclusive education, Modernization of education, modification, globalization, inclusive environment, educational infrastructure.

### **References**

1. Qasym-Jomart Toqayev. «Bilim jáne Ğylym!» aty tamyz konferentsiyasynyń materialdary [«Education and Science!» August Conference Materials] [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_pne-ylm-atty-tamyz-](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_pne-ylm-atty-tamyz-) (дата обращения: 25.03.2024).
2. Baimenova B.S., Ysraq A.Á. Inkluzivti bilim beru jaǵdayında múǵalimderdiń kásibi damýy [Professional Development of Teachers in an Inclusive Education Environment] // L.N. Gumilyov atyndaǵy Euraziya ulttyq universitetiniń habarshysy. – 2021. – № 2(135). – B. 32-39. URL: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main>.
3. Zhansulu S., Batima T., Temirov K., Shalgynbayeva K., Shamurat O., Mukhamedzhanov. Supporting children with special educational needs as a socio-pedagogical problem // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Vol. 17(7). – P. 2262–2273. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i7.7692>.
4. Malofeev N.N. Spetsial'noe obrazovanie v Rossii i za rubezhom v dvukh chastyakh [Special Education in Russia and Abroad in Two Parts]. – Moscow: Akademicheskiy proyekt, 2021. – 182 p.
5. Gudrun Itterstad. Mezhdunarodnyy opyt v oblasti inkluzivnogo obrazovaniya: Norvegija [International Experience in Inclusive Education: Norway]. – Moscow: Obrazovanie, 2018. – 254 p.
6. Kadisha Shalgynbayeva, Assel Makhadiyeva, Ainaş Kudysheva. Results of Analysis of the Family Values Destruction in Families with a Child with Autism Spectrum // Davranış Araştırmaları Dergisi Journal of Organizational Behavior Research. – 2018. – Vol. 3. – P. 137-

145. URL: <https://odad.org/article/results-of-analysis-of-the-family-values-destruction-in-families-with-a-child-with-autism-spectrum-disorder-asd>.

7. Vinblad O. Inkluzivnoe obrazovanie v Shvetsii [Inclusive Education in Sweden] // Psikholog v shkole. – 2018. – № 1. – P. 21-26.

8. Volkov A.M. Shvetsiya: sotsial'no-ekonomicheskaya model' [Sweden: Socio-Economic Model]. – Moscow: Mysl', 2022. – 188 p.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Байменова Б.С.** – педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан. E-mail: botagoz.baumenova@mail.ru

**Онгенбаева Ж.Ж.** – Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқытушысы, Манас көш., 34а, Алматы, Қазақстан. E-mail: zh.ongenbayeva@iitu.edu.kz

**Абрамкина О.А.** – Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқытушысы, Манас көш., 34а, Алматы, Қазақстан. E-mail: olga.manank@gmail.com

**Кударова Н.А.** – Астана халықаралық университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD доктор, Сығанақ 25, Астана, Қазақстан. E-mail: nazgul.kudarova@mail.ru

#### **Сведения об авторах**

**Байменова Б.С.** – автор-корреспондент, доцент кафедры педагогики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан.

**Онгенбаева Ж.Ж.** – преподаватель, Университет международных информационных технологий, Алматы, ул. Манаса, 34а. E-mail:

**Абрамкина О.А.** – преподаватель, Университет международных информационных технологий, Алматы, ул. Манаса, 34а. E-mail:

**Кударова Н.А.** – доктор PhD, ассоциированный профессор Международного университета Астана, ул. Сыганак 25, Астана, Казахстан.

#### **Information about authors:**

**Baimenova B.S.** – Corresponding author, Associate Professor, Social Pedagogy Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan.

**Ongenbayeva Z.Z.** – Lecturer, University of International Information Technology, 34a Manas Street, Almaty.

**Abramkina O.A.** – Lecturer, University of International Information Technology, 34a Manas Street, Almaty.

**Kudarova N.A.** – doctor PhD, associate professor, Astana International University, Syganak 25 str., Astana, Kazakhstan.